

## ОРТА МЕКТЕПТЕ М.ҚАШҚАРИ ЖӘНЕ Ж.БАЛАСАҒҰН ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

**ТӘҢІРБЕРГЕНОВА Айнұр Байтанатқызы**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
«Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі және әдебиеті»  
кафедрасының 2-курс магистранты  
Алматы/Қазақстан  
e-mail: ainura-01\_09@mail.ru

*Аңдатпа. Қазірде әдеби оқу бағдарламалары мазмұнының айтарлықтай тәрбиелік әлеуеті бар. Оның іске асырылуы оқушыларға адамгершіліктің, патриоттықтың, руханилықтың, азаматтық және гумандықтың шынайы үлгісін ұсынатын оқу материалының мазмұнын мақсатты іріктеуге байланысты. Алайда, білім алушылардың санасына баянды, берік білім негізінде тұтас қабылдау арқылы жеткізілген жағдайда ғана мазмұн тәрбие құралы бола алады. Орта мектеп оқушысына ислам дәуірі әдебиетінің көркемдік ерекшелігін шығарманың идеялық-мазмұндық жағымен қатар ұғындыру керек. Ислам дәуірі әдебиетінің басты ерекшелігі адами құндылықтарды насихаттау, жақсылыққа шақыру, игілікке үндеу екенін түсінген жағдайда оқушы шығарманы еркін игереді және оның мән-мағынасын тереңінен түсінеді. Осы тұрғыда орта мектеп жеткіншектеріне әдеби және тарихи жазба мұраларды кеңінен зерделеп тәрбие ісінде қолдана білсе абзал болмақ. Бүгінгі күні қазақ әдебиетін орта мектепте оқытудың тиімді жолдары мен амалдары әдістеме тұрғысынан зерттеліп жатқан жайы бар. Соның ішінде ислам дәуірі әдебиетін орта мектепте оқытудың маңызы аса зор. Осы мақалада ислам дәуірі әдебиетін орта мектепте оқытудағы басты мақсат не және жалпы ислам дәуірі әдебиеті шығармаларының оқушылардың дүниетанымына әсері қандай деген сауалдар тұрғысынан жан-жақты қарастырылған. Мақалада ортағасырлық түркітанушы, ғалым М.Қашқари және Ж.Баласағұнның педагогикалық шығармаларының тәрбиелік мәні жайлы баяндалады.*

**Кілт сөздер:** *Ислам дәуірі, халықтық педагогика, тәлім-тәрбие, дидактика, орта мектеп.*

**Кіріспе.** Әлемдік қауымдастықтың заманауи даму кезеңінде адамзат факторын жандандыру әлемдік алға дамудың бір шарты ретінде талап етіледі. Бүгінгі білім берудің мақсаты – дүниетанымы кең, интеллектісі дамыған, білім деңгейі жоғары индивид қана емес, сонымен қатар, көп жағдайда қоғамның болашағы зияткерлік, саяси, мәдени деңгейінің дамуымен байланысты рухани тұлғаны қалыптастыру.

Білім беру – оқыту мен тәрбиенің тығыз байланысы. Қазақстандық білім беруді жаңғырту тәрбиені білім берудегі маңызды басымдық ретінде оқыту мен дамыту процесіне кіріктірілген педагогикалық іс-әрекеттің құрамдасы болуын

көздейді. Оқытудың өмірмен байланысының күшейтілуі оқыту әдістерінің тәрбиелік ықпалын күшейту туралы, тәрбие және білім беру жұмыстарының бірлігі жайындағы мәселені алдыңғы орынға шығаруда. Тұлғаны қалыптастыру – өзін-өзі ұйымдастыру, отбасы және қоғамдық тәрбиелеу мен ағартудың ұзақ, табанды және мақсатты процесінің нәтижесі.

Тәрбиенің басты міндеті – оқушыларда азаматтық жауапкершілігі мен кұқықтық өзіндік санасын, руханилығы мен мәдениетін, ынталылығын, дербестігін, толеранттылығын, қоғамда табысты әлеуметтену қабілеттілігін қалыптастыру. Тұлғаның өзін өзі билеуін, өзін өзі жүзеге асыру, отбасы және білім беру мекемелері педагогикалық ұжымдарының өзара іс-әрекеті үшін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында тәрбиенің нақты мақсаттары мен міндеттерін анықтау, тәрбие кеңістігін модельдеу – рухани тұлға қалыптастырудың негізі болады.

Әр ұлттың жазба мұралары мен әдебиет тарихы алыс ғасырлар қойнауына енген сайын, ол барынша құнды болып, барша адамзат баласының ортақ қазынасына айналатыны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда түркі халықтарының әдебиеті бірнеше ғасырлар үлесінде жатыр десек, артық айтқандық болмас еді. Бұл туралы қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші ғалым Н.Келімбетов Түркиялық Н.С.Банаралының Түрік әдебиетінің тарихы» атты кітабынан: «Түрік әдебиетінің жиырма жеті ғасырлық тарихы бар. Бұл әдебиет Кореядан Еуропаға дейін созылып жатқан Орта Азия, Қорасан, Иран, Үндістан, Әзербайжан, Анадолы, Мысыр, Сирия, Ирак т.б. көптеген жерлерде мемлекет құрған түріктер жасаған әдебиет» (Келімбетов, 2004, 95 б.), – деген мәлімет келтіреді.

**Зерттеу әдісі.** Әдебиеттанушы ғалым С.Қирабаевтың «Қазіргі қазақ әдебиетінің ұзақ даму жолын шолып қарасақ, оның бай фольклорына қоса ерте ғасырдан бастап-ақ түркі тектес халықтармен ортақ әдебиет жасағанын көреміз. Көне түркі ескерткіштеріндегі жазулар (*Орхон, Күлтегін, Білге-Қаған, Тоныкөк*) мен «Қорқыт ата кітабы», «Оғызнаме», дастанында кездесетін эпостық жыр үлгілері, аңыз әңгімелер, Ж.Баласағұнның «Құтадғу білігі», М.Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігі», А.Ясауидың «Даналық кітабы», А.Иүгінекидің «Ақиқат сыйы», кейінірек туған «Кодекс Куманикус», «Махаббатнаме», «Қисас ул әнбия» кітаптарында басылған халық өлеңдері мен дастандарының үлгілері, мақал-мәтелдер осыны айғақтайды» (Қирабаев, 2001, 17 б.) – деп жазғанындай, қазақ әдебиетінің тарихы тереңдей түсті. Өкінішке орай осындай құнды болмысы бар қазақ әдебиеті бірнеше жылдар бойына толық зерттеліп, жинақталмай келді.

VIII-XI ғасырларда Ориа Азия мен Қазақстанда ислам дінінің тарауына байланысты араб тілі мен жазуы кеңінен қолданыла бастады. Ірі қалаларда білім беру ісімен ғылым дамыды. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерінде исламның кең етес алуынан ерте түрік сына жазуы ығысып, араб әліппе негізінде жаңа түркі жазуы қалыптасты. Түркі және араб тілдерінде әдеби және ғылыми шығармалар жазылды.

XI-XII ғасырларда Қарахан мемлекетінің күшеюімен бірге мәдениет те құлашын кеңге сермеді. Араб Шығысы мен Үнді-Иран және Орта Азия әлемінде әлеуметтік – құқықтық ой-пікірдің дамуына әсереткен «ақыл-ой төңкерісі» болды. «Мұсылмандық Ренессанс деп аталған осы дәуірде өмір сүрген Ж.Баласағұн, М.Қашқари, А.Иассауи т.б. ғұламалардың шығармалары көпшілік қауымға кеңінен мәлім болды.

XI-XII ғасырлардағы әдеби поэзиялық шығармалардың көрнектілерінің бірі – Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» оғамасы. Қарахан мемлекетінің астанасы Баласағұнда 1015 жылы дүниеге келген Жүсіп сол кездегі мемлекет басшысы Сатұқ Боғраханнның бас-хаджиб мемлекеттік кеңесшісі лауазымын атқарған. Оны бүкіл әлемге танытқан – «Құтадғу білік» (1069 ж.) поэмасы. Энциклопедиялық тәлім-тәрбиелік еңбекке айналған бұл дастанда мемлекетті басқару әдістері, билеушілердің әдептік ережелері, қоғамдық-әлеуметтік, саяси мәні бар нұсқаулар менережелер, адамдар арасындағы түрлі деңгейдегі қарым-қатынас мәселелері қарастырылады.

**Талқылау.** Бүгінгі таңда Ж.Баласағұнның тәлімдік-тәрбиелік идеялары, олардың педагогикалық мәнділігі бірнеше зерттеулердің арқауы болып, тың нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беріп отыр. Солардың ішінде оның «Құтадғу білік» атты педагогикалық еңбегін О.Альбертс, В.В.Радлов, В.В.Бартольд, С.Е.Малов, О.Прицак, А.Мец, Р.Р.Арат, К.Кәрімов, С.М.Иванов, А.Н.Кононов, т.б. ғалымдар әдебиеттану, тіл білімі, тарих және философия ғылымдары ауқымында, аударма саласында салыстыра зерттеген. Дастанды тарихи тұрғыдан сараптап, оның әдеби және лингвистикалық жақтарын қазақстандық әдебиетші ғалымдар Б.К.Кенжебаев, Қ.Ө.Өмірәлиев, Х.Ж.Сүйіншілиев, Ә.Б.Дербісалиев, М.Ж.Жолдасбеков, Н.К.Келімбетов, М.М.Мырзахметов, А.Қ.Егеубаев, т.б. зерттеп, оның әдебиет теориясында алатын орнын ашып көрсетті (Әбдікәрімұлы және Сарбасова, 2008, 12 б.).

«Құтты білік» еңбегі қазақ педагогика ғылымының қайнар көзі болып табылады. Өйткені еңбектің негізгі идеясы педагогиканың ең маңызды мәселесі тәрбиеге негізделіп, оның мазмұнында педагогиканың жалпы негіздері, дидактика және тәрбие теориясының негізгі мәселелері, жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған адамгершілік, эстетикалық, еңбек, дене, құқықтық, т.б. тәрбие мазмұны қарастырылады. Жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан алып қарасақ, «Құтадғу білік» дастанының бүгінгі адамзат қоғамы үшін құндылығы мынада болып табылады:

- «Құтадғу білік» – халықтың құты, ырысы болған ілім;
- ұрпақтарға, адамға бақыт сыйлайтын, құт әкелетін білім;
- ғасырлар бойы кәзі ашық, кәкірегі ояу ұрпаққа адамдық, азаматтық қасиеттерін, адалдық дәстүрлерін бойына сіңіріп, жан-дүниесіне дарытатын тәрбие тұжырымдамасы.

Ғұламаның өзі «Кітап атын «Құтадғу білік» қойдым – Құтын тұтсын оқушым білікті ойдың» дей отырып, дастанның әрбір адам үшін құндылығын аша түседі. Сонымен бірге ол «Құтадғу біліктің» авторы өзінің дидактикалық мақсаттарына халық даналығын, түркі халықтарының ақындық ауыз әдебиетін, мақалдарды, мәтелдерді, қанатты сөздер және тағы басқаларды кеңінен пайдаланады» (Каиржанов, 2016, 32 б.) – деп жазды. Мұның өзі еңбектің халық педагогикасымен тығыз байланыстылығын көрсетіп, онда нағыз түркі халқының бала тәрбиелеуде қолданған әдіс-тәсілдері мен құралдары негізге алынғанын дәлелдейді.

Ж.Баласағұнидің «Құтадғу білік» еңбегінде тәрбиенің мақсатына ерекше мән беріледі. Еңбекте тәрбиенің түпкі мақсаты ретінде текті, парасатты адамды тәрбиелеу көзделеді. Мұның өзі қазіргі педагогикадағы тәрбиенің негізгі мақсаты - дені сау, ұлттық сана-сезімі ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеумен өзара үндесіп жатыр. Ғалым Т.Ә.Ахметов өз зерттеуінде Ж.Баласағұнидің тәлім тәрбиелік идеяларын тарихи-педагогикалық және аксиологиялық тұрғыдан талдап, дастандағы адами құндылықтар жүйесіндегі «Текті, парасатты, иманды кісі» бейнесін жасайды. Аталмыш бейнені ғалым былайша сипаттайды:

«Біріншіден, адамдар өмір сүретін қоғамның төрт тұғыры «Құтты білік» кейіпкерлерінің тағылымдық принциптеріне сәйкес болуы керек. Олар: әділ заң үстемдік еткен, құқықтық мемлекет; бақ-дәулеті дәуірлеген, ырыс байлығы тасыған қоғам; қоғам мүшелерінің ақылпарасаттылығының биік деңгейі; адамдардың қанағатшыл, ұстамды, барға риза болу әмір салтын ұстануы.

Екіншіден, бай, орта кедей болып бөлінген жалпы халықтың ұстаным бағдары тектілік, имандылық, парасаттылық және кісілік секілді рухани құндылықтар болуы керек.

Үшіншіден, адамның жан дүниесін байытатын ізгілік, ақкөңілділік, мейірбандық, бауырмалдылық, ұяттылық, арождан, отансүйгіштік, ерлік, адамгершілік қасиеттер мен күнделікті өмір сүру тәжірибесіне аса қажетті ақыл-ой, саналылық, оқу-білімге құштарлық, біліктілік, кәсіпкерлік, еңбексүйгіштік, қайраткерлік, сабырлылық секілді туа біткен және жүре сіңетін қасиеттерді дамыту.

Төртіншіден, ел басына әділ, текті, парасатты хан келіп, маңайына елдің патриоттары боларлық уәзірлер, бектер, әскербасылар, ғалымдар, ақындар секілді т.б. зиялыларды жинап, елдегі әлеуметтік топтың тілін тауып, мемлекет ішінде саяси-экономикалық тұрақтылық және қоғамдық келісім жағдайын орнату». Сонымен бірге зерттеуде қоғамға қажетті, тәрбиенің негізгі мақсаты болып табылатын тұлғаның «текті, парасатты, иманды кісі» бейнесі деп алыну себебі ашып көрсетіледі: «текті сөзі – тұқым қуалаушылық, парасатты сөзі тәрбие және оқу-білім арқылы берілетін, ал иманды сөзі тәрбие арқылы іске асатын қасиеттер» (Ахметов, 2003, 17 б.).

Қазақстандық зерттеуші ғалым Ә.Н.Көшербаева Ж.Баласағұнидің педагогикалық мұрасындағы ізгілендіру идеяларының дамуын зерттей отырып, оның теориялық әдіснамалық негіздемесін жасады. Зерттеуде Ж.Баласағұни ұсынған тәрбие жүйесі беріледі. Осы жүйеге сәйкес тәрбиенің мақсаты бақытқа жету жолдарын көрсету, жетілген, яғни «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлғаны тәрбиелеу, азаматты тәрбиелеу болып табылады (Көшербаева, 2006, 34 б.). X-XIV ғғ. Қазақстандағы тәлімдік ой-пікірлердің қалыптасуы мен дамуын зерттеген ғалым Ж.Ибраева «Құтадғу білік» еңбегінде тәрбиенің негізгі мақсаты ретінде халықтық педагогика арқылы толық адамды қалыптастыру екендігін ашып көрсетеді.

Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанында шығыс әсерінен гөрі түркі халықтарының бай ауыз әдебиеті, фольклор жанрларының әсері басым сияқты. «Құтадғу білікте» салт жырларының дәстүрі басым. Бұл реттен Жүсіп исламнан бұрынғы әдет-ғұрыпты көбірек жырлаған. Сол себепті Ж.Баласағұнның шығармасында бір ғана шығыс әсері үстем деп айтуға болмаса керек. Түркі тілдес тайпалардың тілінде жазылған сан алуан тұрмыс-салт жырлары сол кездің өзінде-ақ аз болмаса керек. Олар айтыс, толғау, терме түрінде айтылған. Жүсіптің сүйенген үлгісі халық ауызындағы осындай дәстүрге байланысты болған. Сонмен, тәлім-тәрбиелік маңызы бар Ж.Баласағұн еңбектері сол дәуір үшін идеологиялық қызмет атқарды. Оның мақалға айналған көптеген ережелері мен сөздері осы күндері де өз актуалдықтарын жойған жоқ.

Ж.Баласағұнидің «Құтадғу білік» дастанында тәрбиенің практикалық мәнділігіне сәйкес мақсаты да көрсетілген. Адамды өмірде үш рольге – азамат, қоғам иесі, отбасы иесі ретінде тәрбиелеуге ерекше орын берілген. Азамат ретінде адамға тән сапалар кісілік, тектілік, парасаттылық, жолдастық, достық, рухтылық, мәрттік, серілік, антқа беріктік, аманатқа адалдық сияқты қасиеттерді ұлағат етеді. Дастанның мазмұны азаматтың кісілік қадір-қасиетін, мән-мағынасын, қыр-сырын терең сипаттауға бағытталған. Мәселен:

«Ұрпағынның ұрпағына үлгі ет те  
– Кісілікті кісілікпен құрметте!  
Тірі кісі кісілігін асырсын;  
Кісілікпен, ей, мәрт ерім, ұлы бол;  
Кісілікке түсер содан ұлы жол;  
Адамшылық жаса адамға, адам бол;  
Адам атын мақтаныш қып адал бол!

Сонымен бірге дастанда адамның Отаны, туған жері, атамекені алдындағы перзенттік парызы дәріптеледі. Елдің бірлігін, мемлекеттің мызғымастығын, халықтың байлығын сақтап қалу үшін ғұлама жастарды еңбекқор болуға, отансүйгіштікке шақырады, ерлік, батырлық, намыскерлік, жауапкершілік сапаларын жоғары қояды.

Дастанда Ж.Баласағұни әр әлеуметтік топ иелеріне нақты, әрі жан-жақты сипаттама бере отырып, әрқайсысының өз міндеттерін ашып көрсетеді. Мәселен,

дастанда хан, бас уәзір, бектер, әскер басшылары, елшілерге тән сапалар беріліп, олардың қарапайым халықпен, басқа да кәсіп иелерімен қатынасы сипатталады.

«Құтадғу білік» еңбегінің тағы бір ерекшелігі отбасы тәрбиесінің қазіргі педагогикамен өзара үндесіп жатуы болып табылады. Ж.Баласағұни жігітке жар таңдауда айтқан ақылынан оның әйелдің отбасы иесі ретіндегі роліне аса мән бергенін байқауға болады:

«Сұлуды аңсап, сор кума.

Бай әйелден үміткер,

Құлы болып қалма, білікті ер.

Адамшылық сіңген асылды ал.

Ақниет, әдепті, пәк ұятты, Ақылды әйел ізде сен».

Сонымен Ж.Баласағұнидің тәрбие мақсаты туралы идеялары қазіргі педагогикадағы тәрбиенің мақсатымен тікелей байланысып, бүгінгі күнге дейін өз мәнін жоймай келе жатқандығы оның өміршеңдігін, үнемі ұрпақ тәрбиесінде жалғасын таба беретіндігін дәлелдейді.

Орта ғасырлық ойшылдардың бірі М.Қашқари XI ғасырда Қашқарда дүниеге келіп, Шу, Талас өңіріндегі Баласағұн қаласында өмір сүрген ғалым. Ол ұлы әдебиетші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеуші, ойшыл-философ, белгілі саяхатшы. Өз заманындағы түркі, араб грамматикасын жасап жетік білген. Бүкіл түркі ру-тайпаларын аралап, олардың тіл ерекшеліктерін, сөздік қорын зерттеген. Сөйтіп, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын жазып шыққан (Әбдікәрімұлы және Сарбасова, 2008, 27 б. ).

М.Қашқаридің ұлы тұлға болып қалыптасуына отбасы тәрбиесі мен Қараханидтер дәуірінің ықпалы зор болды. Ол бек тұқымы бола тұра, әскери және әкімшілік қызметтен бас тартып, күрделі жолды – білім-іліммен шұғылдануды таңдады. Қараханидтердің басқару кезеңі ғылым, мәдениет және ағарту саласының біршама дамыған уақыты болды. Махмұттың шешесі Бюби Рабияның әкесі Мұхаммед ибн Жүсіп өзінің жалғыз қызын ерте жастан сауаттылыққа үйретуге тырысты, қатаң адамгершілік ережелерді оқытты. Мұның өзі Б.Рабияға ұлы Махмұтқа жан-жақты тәрбие мен білім беруге мүмкіндік берді (Қашқари, 2007, 124 б.). Соның нәтижесінде күллі батыс пен шығысты аузына қаратқан Қарахандар заманындағы өркениеттің ең үздік туындысы дүниеге келді. Ол түрік өркениетінің тәлімдік-тәрбиелік тәжірибесін паш ететін өте құнды мәдени мұра – «Диуани лұғат-ит-түрк» («Түрік сөздігі») атты еңбек. М.Қашқари осы еңбегінде өзі және кітап жазудағы мақсаты туралы былай дейді: «Сонымен, мен сол түріктердің қызыл тілге ең шешендерінен, ең әдемі әңгімешілерінен, ең бір зеректерінен, ең білгірлерінен, ежелгі асыл тайпаларынан уа соғыс ісінде мықты найзагерлерінен болғандығымнан, олардың шаһарлары мен сахарасын бастан-аяқ аралап шықтым. Түрік, түркмен, оғыз, шығыл, йағма, қырғыздардың сөздерін және (*сөздерінің*) қасиет, құпияларын анықтап шықтым, оларды пайдаландым. Мен бұл істерді осы тілдердегі әрбір кішігірім айырмашылықтарды парықтап білу үшін істедім. Сонымен олардың әрқайсысының тілі менің көңілімде ұялап, берік

сақталып қалды. Мен оларды мұқият реттеп, әбден тәртіпке келтіріп, жүйелеп шықтым. Бұл бір мәңгілік жәдігерлік уа таусылмас-түгесілмес, азып-тозбас бір байлық болсын деп, бір Тәңірге сыйынып, осы кітапты түзіп шықтым да, оған «Диуани лұғат-ит-түрк – Түрік тілдерінің диуаны» деген ат бердім» (Қалиева, 2003, 45 б.). М.Қашқаридің өзіне берген мінездемесінен оның әйгілі түркі тайпаларынан шыққанын, ұлағатты тәрбие алып, білімнің қыр-сырын меңгерген текті, парасатты, данышпан адам екенін аңғаруға болады.

М.Қашқари адамдарды өнер білімге, әдептілікке шақырып, адамгершілік, мораль, этика, ұйымшылдық мәселелерін сөз етті. Оның түркі халықтарының бәйіттерінде табиғат сұлулығы, махаббат, көркемдік, парасаттылық білім, батырлық суреттеледі.

«Түрік сөздігінде» 242 шумақ өлең, жыр, 200-ден астам даналық сөз бен мақал-мәтелдер, қанатты сөздер болса, солардың барлығы да оның педагогикалық сипатын айқын танытып, М.Қашқари есімін педагогика ғылымының негізін салушылардың қатарында атауға мүмкіндік тудырады. Орасан зор халық педагогикасының бай тәжірибесін өз зерттеуінде топтастырып беруі оның тәрбие мәселесі бойынша білімділігін байқатып, ұстаздық ерен еңбегінің нәтижесі екендігін көрсетеді (Әбдікәрімұлы және Сарбасова, 2008, 73 б.).

XI ғасырда туындағанымен, одан ерте кезеңдік түркілер тыныс-тіршілігінен хабар беретін «Түрік сөздігінен», ондағы халық педагогикасының қағидаларынан өмір шындығы мен оған сай сомдалған тұлға бейнесі барынша айқын көрінеді. Ал мұндай көріністің зерттеуші еңбегінде бой көрсетуі оның құндылығын арттырмаса, кемітпесі анық. Бұл еңбекте даналық бастауы мен оның адам өмірінде алар орны, тәлімдік-тәрбиелік тағылымдар мен олардың тұлға қалыптастырудағы жетекші ролі, қаһармандық рух пен діни таным-түйсіктер, дүниені танудағы алғашқы ой тұжырымдар мен табиғат тылсымына бас ию – бәрі-бәрі өзіндік орнын тапқан. Педагогиканың негізгі қағидаларын қамтыған осы секілді мәселелер «Түрік сөздігіндегі» сан тараулы ғылым арналарының бірінен саналады.

**Нәтижелер.** Көкірегі ояу, көңіл көзі қарақты әрбір түркі ұрпағы «Түрік сөздігіндегі» бәйіт-жырларды оқи отыра, мақтаныш сезіміне бөленіп, ризашылдық, тәубе ету секілді күйді бастан кешіреті хақ. Себебі, батырлық-ерлік жайындағы жырлар өршілдікті, өзгені жеңіп, аспаннан қараған асқақтықты танытса, дидактикалық мәндегі бәйіттер бабаларымыздың тұла бойлары ақылға тұнған данагөй болғандығынан хабардар етеді. Ал имандылықты паш етер өлең жолдарынан жаны таза, рухы биік жандардың, бар дүниені Алла жолына тәрк еткен адамдардың таным-білігі танылады. Ал, ең бастысы ғұламаның негізгі ой-пікірлері жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған, яғни педагогиканың негізгі өзегі тәрбие мәселесіне арналған. Мәселен:

«Бақпас халық сүйкімсіз,  
Сұрықсыз жүз сараңға.

Түзулікті ал, ұлым,  
Қалсын даңқың соңында» немесе  
«Заман өтер, кісі тоймас,

Адам ұлы мәңгі қалмас» – деген терең ойлар қазіргі педагогиканың негізгі зерттеу пәні адам мәселесіне арналып тұрғанын аңғартады. Мұндағы басты түйін – осы өмірде адам болу, «Адам» деген ұлы атқа құрметпен қарау, адамның өмірдегі мәнін түсіну. Өмірде толық адам және өзіндік ұстанымы бар тұлға болу үшін жамандардың жасаған залымдығына назаланып, өш-кек аламын деп мақсат қоймай, керісінше басқаларға жасқсылық, ізгілік етудің қажеттілігін көрсетеді. Әрбір заман әтетінін, осы заманда ешкімнің мәңгілік еместігін әрқашан есте ұстап, қоғамға, айналадағыларына қажетті адам, тұлға болуға талпынудың маңыздылығына тоқталады. Мұның өзі қазіргі педагогикадағы тәрбие үрдісінің негізгі мақсаты – қоғамға керекті және пайдалы жеке тұлғаны қалыптастырумен тікелей астасып жатыр.

«Ұл, менен насихат ал, жәрдем тіле,

Елде ұлық, дана болып, білік үлес» – деген ғұламаның ұлағатты ой-пікірлері жас ұрпақты даналыққа, тәрбиелі болуға, білімді игеруге шақыра отырып, білімді болсаң, ұлықтық – ел басқару дәрежесіне жетсең, жақсылық, ізгілік ету халқынның алдында еліннің игілігі үшін парыз екендігін дәріптейді (Қашқари, 2007, 364 б.).

М.Қашқари еңбегі қазіргі педагогикадағы дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу мақсатымен толық үндесіп жатыр. Ғұламаның педагогикалық тұжырымдамасында жеке тұлғаны қалыптастырудағы тәрбиенің жетекші ролі нақты айқындалған.

«Ұлықтық болса (тапсаң), сен ізгілік істе,

Кішік болғын, бектер қатарында жақсылықты жалғастыр» – дей отырып, тәрбиенің аға ұрпақ өкілдерінің жинақтаған тәжірибесін жас ұрпаққа жеткізу құралы екендігін анықтайды. Тәжірибенің барлық адамдарға белгілі білім, білік, ойлау тәсілдерін, адамгершілік, этикалық, құқықтық ережелерді, яғни бір сөзбен айтқанда, адамзаттың тарихи даму процесінде жасалынған рухани мұра екендігі мәлім. Жеке тұлғаны қалыптастыру олардың бойында ізгі адамгершілік қасиеттерді, тұлғалық сапаларды тәрбиелеуді көздейді. Адамдардың мінез-құлқының әртүрлі болатындығын, сондықтан тәрбиеге дербес тұрғыдан келу қажеттілігін ғұлама өз дәуірінде көре білген. Дербестіктің қайнар көздері туа біткен ерекшеліктер, бала дамуы жүретін орта және баланың өзіндік ұстанымы екендігін анықтаған. «Кіші аласы ішінде, мал аласы тысында, сыртында», «Бес бармақ түзу емес» – деген мақалдарды келтіре отырып, тәрбиеге әртүрлі тұрғыдан келу керектігін көрсетеді, яғни бұл жерде тәрбие әдістерін барлық адамға бірдей қолдануға болмайтындығына, оларды адамның бойындағы мінез құлқына сай таңдап алу қажеттілігіне көңіл аударады. Бұл қазіргі кездегі педагогикадағы

тәрбие әдістерін таңдап алудың мынадай шарттарымен байланысты: тәрбиенің мақсаты мен міндеттері; тәрбие мазмұны; тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері; ұжымның қалыптасу деңгейі; тәрбиеленушілердің дербес және тұлғалық ерекшеліктері; тәрбие жағдайы (*материалдық, психо-физиологиялық, санитарлық-гигиеналық, педагогикалық жағдаяттар*); тәрбие құралдары; педагогикалық біліктілік деңгейі; тәрбие уақыты; күтілетін салдарлар (Әбдікәрімұлы және Сарбасова, 2008, 56 б.).

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сай орта мектепте Ж.Баласағұн және М.Қашқари шығармаларының тәрбиелік маңызы зор екендігін байқаймыз. Оларды оқу-тәрбие ісінде жүйелі білімді және олар арқылы сенім мен көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал ететін тәрбиелік кештер, ашық сабақтар, дебат, өзге де кіріктірілген курстарды кеңінен қолдану керек. Өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу процесінде адамгершілік сезімдерді қалыптастыруға көмектесетін Ж.Баласағұн, М.Қашқари шығармалары тұлғаның құндылықты бағдарын қалыптастыратын ақпаратты мәліметтер қазірде оқу барысында жеткілікті қолданылмайтынын атап көрсету қажет. Білім беру процесінің маңызды құрамдасының бірі ретінде оқытумен қатар тәрбие процесі жай-күйінің талдауы және зерттеуі көрсеткендей, қазіргі оқушылардың тәрбиесі біздің қоғамда болып жатқан әлеуметтік жүйенің дағдарысы: өмірдің қылмыстануы; экологиялық жағдайдың нашарлауы; адамгершіліктің төмендеуі және т.б. көптеген келеңсіз жайттармен күрделендірілген.

**Қорытынды.** Қазақ халқының тарихында жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесі қашанда ең басты орынға қойылған. Өз халқының өркендеуі үшін жас ұрпақтың білімді, тәрбиелі болуын негізгі мақсат деп таныған ғұламалардың бірі ретінде ХІ ғасырда өмір сүрген түркі данасы, ойшыл-ақын Ж.Баласағұн мен М.Қашқари еңбектері әр баланың бойында адамгершілік, қайырымдылық, азаматтық, еңбекке шығармашылық қатынас, тіршілік атаулыға ұқыпты қарау, өз халқының мәдениетін сақтау қасиеттерін тәрбиелеуге бағытталғанын құнды жәдігерлер екендігіне көз жеткіземіз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

Ахметов Т.Ә. (2003). Жүсіп Баласағұнның тәлім-тәрбиелік идеялары. – пед.ғыл.канд. ...дисс. – Алматы. – 152 б.

Әбдікәрімұлы Б., Сарбасова Қ.А. (2008). Ж.Баласағұн педагогикасы: Оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМУ. – 124 б.

Әбдікәрімұлы Б., Сарбасова Қ.А. (2008). М.Қашқари педагогикасы: Оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМУ. – 96 бет.

Каиржанов А.К. (2016). Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Астана: ЕНУ имени Л.Н.Гумилева. – 112 с.

Келімбетов Н. (2004). Ежелгі әдеби жәдігерліктер. – Алматы: Фолиант. – 480 б.

Көшербаева А.Н. (2006). Тарихи-салыстырмалы педагогикадағы Жүсіп Баласағұнның ізгілік идеялары. – Алматы: Білім. – 554 б.

Қалиева К.М. (2003). Махмұд Қашғаридың педагогикалық идеялары: пед.ғыл.канд. ...дисс. – Алматы. – 132 б.

Қашқари М. (2007). Түрік сөздігі: Т.1. / Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: Таймас. – 592 б.

Қашқари М. (2007). Түрік сөздігі: Т.2. / Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: Таймас. – 592 б.

Қирабаев С. (2001). Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым. – 448 б.

### References

Akhmetov T.A. (2003). Zhusip Balasagunidyn talim-tarbielik ideialaru [Educational ideas of Yusup Balasaguni]. – ped.gul.kan. ...diss. – Almaty. – 152 p.

Abdykarimovich B., Sarbasova K.A. (2008). Zh.Balasaguny pedagogikasu: Oqu kurali [Pedagogy of J.Balasaguni: Textbook] – Qaragandu: QarMU. – 124 p.

Abdykarimovich B., Sarbasova K.A. (2008). M.Kashgari pedagogikasu: Oqu kurali [M.Kashgari pedagogy: Textbook] – Qaragandu: QarMU. – 96 p.

Kairzhanov A.K. (2016). Sravnitelno-istorisheskaia grammatika turkskih iazikov [Comparative-historical grammar of Turkic languages]. – Astana: ENU imeni L.N.Gumileva. – 112 p.

Kelimbetov N. (2004). Ezhelgi adebi zhadigerler [Ancient literary artifacts]. – Almaty: Foliand. – 480 p.

Kusherbaeva A.N. (2006). Tarihy-salisturmaly pedagogikadagy Zhusip Balasagunnin izgilik ideialary [Good ideas of Yusup Balasagun in historical-comparative pedagogy]. – Almaty: Bilim. – 554 p.

Kalieveva K.M. (2003). Mahmud Qachgaridin pedagogikaliq ideialaru [Pedagogical ideas of Mahmud Kashgari]: ped.gul.kand. ...diss. – Almaty. – 132 p.

Kashgari M. (2007). Turik sozdigi: T.1. / Kone turki tilinen audarip, algı sozi men gulimy tusinikterin zhazgan A.Egeubay [Turkish dictionary: Vol.1. / Translated from the ancient Turkic language by A.Egeubay, who wrote the foreword and scientific concepts]. – Almaty: Taimas. – 592 p.

Kashgari M. (2007). Turik sozdigi: T.2. / Kone turki tilinen audarip, algı sozi men gulimy tusinikterin zhazgan A.Egeubay [Turkish dictionary: Vol.2. / Translated from the ancient Turkic language by A.Egeubay, who wrote the foreword and scientific concepts]. – Almaty: Taimas. – 592 p.

Kirabaev S. (2001). Ult tauelsizdigi zhane adebiet [National independence and literature]. – Almaty: Gulim. – 448 p.

**Воспитательное значение преподавания произведений М.Кашкари и  
Ж.Баласагуна в средней школе**

**ТАНИРБЕРГЕНОВА Айнур Байтанаткызы**

магистрант 2 курса

Казахский национальный педагогический университет им. Абая  
кафедры «Казахский язык и литература имени академика С. Кирабаева»  
Алматы/Казахстан

**Аннотация.** *В настоящее время содержание программ литературного чтения имеет значительный воспитательный потенциал. Его реализация зависит от целенаправленного отбора содержания учебного материала, который представляет учащимся подлинный образец нравственности, патриотизма, духовности, гражданственности и гуманности. Однако содержание может быть средством воспитания только в том случае, если оно передается в сознание обучающихся через целостное восприятие на основе повествовательных, прочных знаний. Ученику средней школы необходимо способствовать пониманию художественную специфику литературы исламской эпохи наряду с идейно-содержательной стороной произведения. При осознании того, что главной особенностью литературы исламской эпохи является пропаганда человеческих ценностей, призыв к добру, обращение к благу, ученик свободно усваивает произведение и глубоко понимает его смысл. В этом контексте для старшеклассников необходимо широко изучать литературное и историческое наследие, использовать его в воспитательной работе. На сегодняшний день методологически изучаются эффективные пути и подходы к преподаванию казахской литературы в средней школе. В частности, большое значение имеет преподавание литературы исламской эпохи в средней школе. В данной статье подробно рассмотрены вопросы, какова главная цель изучения литературы исламской эпохи в средней школе и каково влияние произведений литературы исламской эпохи в целом на мировоззрение учащихся. В статье рассказывается о воспитательном значении педагогических произведений средневекового тюрколога, ученого М. Каизгари и Ж. Баласагуна.*

**Ключевые слова.** *Исламская эпоха, народная педагогика, образование, дидактика, средняя школа.*

**Educational meaning of teaching the works of M.Kashkari and Zh.Balasagun in  
secondary school**

**TANIRBERGENOVA Ainur Baytanatkyzy**

2 course upgraduate, Kazakh National Pedagogical University named after Abai  
Department of «Kazakh language and literature named after Academician S.Kirabayev»  
Almaty/Kazakhstan

**Abstract.** *At the present time, the content of literary reading programs has a considerable educational potential. Its implementation depends on the purposeful selection of the content of the educational material, which presents students with a true example of morality, patriotism, spirituality, citizenship and humanity. However, content can be a means of education only if it is transmitted to the consciousness of students through a holistic perception based on*

*narrative, solid knowledge. A secondary school student should be encouraged to understand the artistic specifics of the literature of the Islamic era, along with the ideological and content aspect of the work. When realizing that the main feature of the literature of the Islamic era is the promotion of human values, call for good and appeal to the weal, the student freely assimilates the work and deeply understands its meaning. In this context, it is necessary for secondary school students to study widely the literary and historical heritage, to use it in educational work. To date, effective ways and approaches to teaching Kazakh literature in secondary schools are being methodologically studied. In particular, the teaching of Islamic literature in secondary schools is of great importance. This article examines in detail the issues of what is the main purpose of studying the literature of the Islamic era in secondary school and what is the impact of the works of literature of the Islamic era in general on the worldview of students. The article describes the educational significance of the pedagogical works of the medieval Turkologist, scientist M. Kashgari and Zh. Balasagun.*

**Keywords.** *Islamic era, folk pedagogy, education, didactics, high school.*